

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің №2 Айгөлек бөбекжай балабақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының  
бракераж комиссиясы отырысының  
№1 хаттамасы**

**Алға қаласы**

**30.01.2025 жыл**

**КҮН ТӘРТІБІ:** 2025 жылға құрылған 10 күндік ас мәзіріндегі тағамдар құрамына бақылау жасау.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2025 жылдың қаңтар айында құрылған бракераж комиссиясының төарағасы Балзия Бисенбайқызы сез алғып, ас мәзіріндегі тағамдардың түрлері, құнарлығы, сапасы туралы мәліметтерді атап шықты. Салауатты өмір салты мен тамақтану гигиенасының негізгі талаптары: азық-түліктердің құрамы, сапасы мен көлемі, тәртібі мен ұйымдастырылуы сандықтан да, мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, қант бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ ұлесіне қосып отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын: ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздары қамтамасыз етеді. Дұрыс тамақтану – өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор. Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Бұл жерде ең маңыздысы – топ ішінде жағымды эмоциялық көңіл-күй мен жақсы орта қалыптастыру. Балалар үстел үстінде ынғайлы отырып, қажетті ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілуі керек. Балалар тамақтануын ұйымдастырушылар, баланың үйде пайдалы тамақтануымен үйлесімін табуы керек.

Комиссия мүшесі Айман Амангелдіқызы балабақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуты мен тамақ дайындау технологиясына аударылады. Тамақ әзірлеу ережелерін сақтап, ас мәзірін қадағалау жұмыстары бас медбикеге жүктелетінін және ол балалардың дұрыс тамақтануын қадағалап отыру жауапкершілігі балабақша медбикесіне жүктелгенін білгілі. Алайда, жылдың басында құрылатын бракераж комиссиясының құзырына да балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасын қадағалауда жатады. Сөз соңында, балабақшада 2025 жылдың қаңтар айының басында жаңа ас

мәзіріне енгізілген тағамдардың құрамында бес күн-ет, төрт күн-тауық, бір күн-балық, күнделікті-сүт, дәнді дақылдар, көкөніспен жемістер, жеміс шырыны берілуде.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** 2025 жылы құрылған 10 күнлік ас мәзірінде дәнді дақылдар өзара сәйкестігі қарастырылған, күнделікті берілген тамактардың сәйкестігін ескере отырып келесі күнмен қайталанбауы ескерілген.

**ШЕШІМ:**

2025 жылға құрылған 10 күндік ас мәзіріндегі тағамдар құрамы талапқа сай құрылғандығы қанағаттарлық жағдайда.

**Комиссия төрағасы:**  
**Комиссия мүшелері:**



**Комиссия хатшысы:**

*Бердібаева  
Мурзагулова  
Васильева  
Абдуғали  
Колдауова*

**Б.Бердібаева  
А.Мурзагулова  
Г.Васильева  
Ж.Абдуғали  
А.Колдауова**